

Құрметті Олжас Абайұлы!

Құрметті әріптестер!

2027–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына және бюджет параметрлеріне тоқталып өтейін:

БІРІНШІ. ИНФЛЯЦИЯ өткен жылғы қыркүйектегі ең жоғары көрсеткіш – **12,9%-тен 10,2%-ке** дейін төмендеді. Инфляция соңғы **10 ай бойы** төмендеу үрдісін көрсетіп келеді. Оған әсер етіп отырған факторлар:

- ұстамды қатаң ақша-кредит саясаты;
- айырбас бағамының күшеюі;
- тұтынушылық кредиттерді қалыпқа келтіру;
- Үкімет пен Ұлттық Банктің үйлескен инфляцияға қарсы шаралар кешені.

Дегенмен инфляция әлі де **жоғары**. Сыртқы және ішкі **проинфляциялық тәуекелдер** сақталып отыр.

Инфляцияны әрі қарай тұрақтандыру үшін қабылданып жатқан шаралар:

1. Теңгедегі активтердің тартымдылығын арттыру және артық сұранысты баяулату үшін қалыпты қатаң ақша-кредит саясатын жүргізу.

2. Ақша-кредит саласын реттеу бойынша алтын сатып алу операцияларын теңестіру үшін қосымша шаралар қабылдау. 7 ай ішінде **2,4 трлн** теңге алынды. Ал жылдың аяғына дейін толығымен **шамамен 4,1 трлн** теңге алынатын болады.

Минималды резервтік талаптар кезең-кезеңімен күшейіп келеді. Бұл **шамамен 4 трлн** теңгені үнемдеуге, **ақша-кредит саясаты құралдарының шығыстарын** азайтуға және **ақша базасын** төмендетуге мүмкіндік береді.

3. Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп қабылдаған **макро- және микропруденциялық шаралардың** арқасында халықты кредиттеу үрдісін қалыпқа келтіріп, **бизнеске** кредит беруге **күш жұмсалып жатыр**. Ұлттық Банк қалыптасқан жағдайға мониторинг жүргізу жұмыстарын жалғастырады. Кредиттеудің кейбір сегменттерінде тәуекел күшейген жағдайда макропруденциялық реттеуге қатысты қосымша шаралар қаралады.

4. Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Қаржы нарығын реттеу агенттігінің 2026–2028 жылдарға арналған макроэкономиканы тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі **бірлескен іс-қимыл бағдарламасы**, сондай-ақ 2026–2028 жылдарға арналған **инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешені** іске асырылып жатыр. **Бірлескен іс-қимыл бағдарламасында** көзделген тәсілдерді ұстанған жөн деп санаймыз.

ЕКІНШІ. САУДА БАЛАНСЫ болжамды кезеңде **профицит аймағында** сақталады деп күтілуде. Қазақстанның экспорттық тауарлар бағасының сценарийлік төмендеуіне және импортқа деген жоғары сұранысқа қарамастан, төлем балансының ағымдағы шоты **тұрақты болып қалады.**

ҮШІНШІ. 2027–2029 жылдары **Ұлттық қордан алынатын қаражат көлемі 5 трлн теңгеге** ұлғайтылды.

Үкімет жоспарына сәйкес, қаражат **әлеуметтік, коммуналдық, энергетикалық және көлік инфрақұрылымы объектілерін қаржыландыруға** бағытталады.

Әлеуметтік-экономикалық әсерді барынша арттыру, сонымен бірге инфляциялық салдарды азайту үшін мына шараларды қамтамасыз еткен маңызды:

- ✓ жобаларды **сала және өңір бойынша нақты басымдықтарға** сәйкес іріктеу;
- ✓ қаржыландырудың үш жылдық мерзімін ескере отырып, **отандық бизнеспен** өндіріс көлемін **кеңейту мәселелерін** алдын ала пысықтау;
- ✓ **отандық құрылыс компанияларын** толық көлемде тарту, бұл қаражаттың өңірлерде қосылған құн мен салық түсімдерін арттырады;
- ✓ қаражаттың мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын, оның ішінде **цифрлық теңгені пайдалану** арқылы, **бақылауды** қамтамасыз ету;

✓ қаржыландыру тетіктерін **салық органдарымен интеграциялау**, жобалардың **ашықтығын** және олардан түсетін **салық қайтарымын** қамтамасыз ету.

* * *

Ұлттық Банк **орнықты әрі сапалы экономикалық өсім** мен **азаматтардың әл-ауқатын** жақсартуға жағдай жасау мақсатында **баға мен қаржы тұрақтылығын** қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!